

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 14 шілде 1993 ж. N 605

Қазақстан Республикасы Президентінің " Орталық мемлекеттік басқару органдарының тізбесі туралы" 1993 жылғы 9 маусымдағы N 1220 U931220_ Жарлығына сәйкес және ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

штатына Комитет қызметкерлерінің жалпы саны шегінде Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары лауазымы қосымша енгізілсін.

2. Экономикалық қауіпсіздік және сыбайлас парақорлық пен контрабандаға қарсы күрес бас басқармасының бастығына генерал-майор штаттық-лауазымдық санаты белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі